

КЕЛІСІЛДІ:

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы»
П. Барахоева
«28» 08 2023 жыл

БЕКІТІЛДІ:

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Өндіріс ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры
С. Сәтемиров
«28» 08 2023 жыл

«Өндіріс ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ
жанындағы «Даярлық» тобының
2023-2024 оқу жылына
арналған оқу жұмыс жоспары

«Өндіріс ауылының ЖОББМ» КММ директоры С.К. Сәтемиров

АӘБ меңгерушісі

Қ.С. Атишева

Түсінік хат

2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныпқа арналған білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету:

I. Кіріспе бөлім

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ демократиялық және гуманизм, қолжетімділік пен ашықтық, жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдығы және білім берудің зайырлы сипаты негізінде білім беру процесін ұйымдастырады

Мектептің міндеттері:

- 1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) оқушылардың физикалық, зияткерлік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- 5) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық;
- 6) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту - және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныптағы білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету :

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

5) Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленген білім беру бағдарламалары.

II. Мектепке дейінгі оқыту

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары стандарт талаптарына сәйкес әзірленді, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біріктірілген ұйымдастырылған іс-шаралар тізімі ұсынылды. Оқушылардың жеке басын жан-жақты дамыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- физическое развитие;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;

- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

- шығармашылық дағдыларды, зерттеу қызметін дамыту;

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Мектеп алдыдаярлық сыныбының аптасына нормативтік жүктеменің жалпы көлемі 20 сағатты құрайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тындау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

"Дене шынықтыру" ұйымдастырылған қызметі аптасына 3 сағат өткізіледі. Сондай - ақ, күн сайын балалардың дене белсенділігіне уақыт бөлінеді, оны қозғалыс белсенділігі, дене шынықтыру - сауықтыру іс-шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын қызметі арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыруға болады.

"Қазақ тілі" ұйымдастырылған қызметі аптасына 2 сағат өткізіледі. Сондай-ақ, мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында балаларды күн сайын үлгілік оқу бағдарламасымен анықталған сөздік минимумға үйретеді, тәрбиеленушілердің ауызекі тілде үйлесімді сөйлеуін дамытады, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстырады, белсенді сөздікті байытады, сөздік нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін меңгереді. «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет» , «Қоршаған әлеммен таныстыру» аптасына 2 сағаттан өткізіледі. Сондай-ақ күн сайын коммуникативтік, зерттеу, танымдық, еңбек қызметіне уақыт бөлінеді.

"Сауат ашу негіздері", "Математика негіздері" ұйымдастырылған қызметі аптасына 3 сағаттан өткізіледі.

"Мүсіндеу", "Апликация", "Сурет салу", "Құрастыру" ұйымдасқан қызметінің нормативтік жүктемесі аптасына 1 сағат. Балалардың қызығушылығын ескере отырып, күн сайын шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеттеріне уақыт бөлінеді.

Ұйымдастырылған "Музыка" қызметі аптасына екі сағат өткізіледі. Күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, ән жаттауға, импровизацияға, музыкалық - ритакты қимылдарға, балалардың шулы аспаптарында ойнауға және басқа да музыкалық іс-шараларға уақыт бөлінеді.

КЕЛІСІЛДІ:

БЕКІТІЛДІ:

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы»

П. Барахоева
«28» 08 2023 жыл

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Өндіріс ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры

С.Сәтемиров
«28» 08 2023 жыл

Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем-әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Кұрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Мокнет гирла мазе
П. Р. Сомосеафс
Дир

